

**АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ЦЕЛИНОГРАД АУДАНЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІ
ҚОЯНДЫ АУЫЛЫНЫҢ №1 жалпы орта білім беретін коммуналды
мемлекеттік мекемесі**

**Педагогтің бос және (немесе) уақытша бос лауазымына тағайындау
конкурсын өткізу комиссиясы отырысының**

№ 1 _____ ХАТТАМАСЫ
(бұдан әрі – Конкурстық комиссия)

Қоянды ауылы

2023 жылғы 13.01

Комиссия төрайымы: Оған Өрнек

Комиссия мүшелері:

Кабыкенова А.А- комиссия мүшесі, білім бөлімінің әдіскері

Өзгеріс Ә – математика пәні мұғалімі

Самалхан С. – география пәнінің мұғалімі

Акемиева Л.Д – бастауыш сынып мұғалімі

Тілеухан А. – оқу ісінің орынбасары

Сұлтан Ш. – информатика пәнінің мұғалімі

Қатысқандар: (қатысушылардың аты-жөні)

1.Жанарбекқызы Гаухар

КҮН ТӘРТІБІ:

Конкурстық комиссияның қорытынды отырысы
(ағылшын тілі мұғалімі бос лауазымына орналасу үшін кандидаттарды
конкурстық іріктеу бойынша)

**Ақмола облысы білім басқармасының Целиноград ауданы бойынша
білім бөлімі Қоянды ауылының №1 жалпы орта білім беретін
коммуналды мемлекеттік мекемесі**

(кәсіпорынның атауы толық жазылады)

2023 жылғы бқаңтар мен 12 қаңтар аралығында ағылшын тілі пәні мұғалімі бос лауазымына тағайындау конкурсын өткізу туралы Еңбек КЗ сайты мен мектеп сайтында хабарландыру берілді.

Құжаттар: Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қоянды ауылы, Қоянды №1 жалпы орта білім беретін мектеп Аль-Фараби 1А мекенжайы бойынша, 2023 жылғы 6 қаңтар мен 12 қаңтар аралығында конкурс жүргізіліп құжаттар қабылданды. Конкурсқа 1 құжат тапсырылған.

Конкурстық комиссия Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

министрінің 2021 жылғы 19 қарашадағы № 568 Бұйрығына сәйкес, кандидаттарға берілген мінездемелер мен олардың ұсынылған құжаттарын қарады және мынандай ұсыныстар айтты:

Конкурс барысында хатшы Өмірбек Айнұр қатысушы туралы комиссия мүшелеріне төмендегідей мәліметтер ұсынды:

Конкурсқа қатысушы Жанарбек Гаухар ЕҰИ биыл бітірген. жалпы Конкурстық балл 8.

Қатысушы Жанарбек Гаухар шақырылып әңгімелесілді. Гаухарға мынандай ұсыныстар мен ескертулер айтты. Комиссия мүшесі Самалхан С. үйрететін пәнге дайындықпен келіп, жауапкершілік таныту керектігін ескертті. Педагог деген атқа жан-жақты сай болу керектігін баса айтты. Комиссия мүшесі Өзгеріс Ә мұғалім жас маман болғандықтан тәлімгер тағайындау керектігін ұсынды. Комиссия мүшесі Сұлтан Ш электронды құжатқа қатысты сұрақтарын қойды. Ескертулер айтты. Педагог Жанарбекқызы Гаухар барлық ескертулер мен ұсыныстарға оң көзқараспен қарайтынын тыңғылықты жұмыс жасайтынын айтты. Жас маманға тәлімгер ретінде Өмірзах Вера ұсынылды.

ШЕШІМ:

Ағылшын тілі мұғалімі ретінде бос орын лауазымының талаптарына лайықты ретінде Жанарбек Гаухарды жұмысқа қабылдау ұсынылды.

Комиссия төрайымы:

Олан О

Комиссия мүшелері:

Камеев С.С.

Тиймурхан А

Самалхан С

Өзгеріс А

Сұлтан Ш

Хатшы:

Өмірбек А